

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ  
Л.Н.ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
АСТАНА ҚАЛАСЫ ӘКІМДІГІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ОРТАЛЫҒЫ



Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы  
Байтанасова Қарлығаш Медетқызының  
60 жас мерейтойына арналған

## «ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»

атты республикалық ғылыми-әдістемелік  
семинар (дөңгелек үстел-диалог)

### МАТЕРИАЛДАРЫ

Астана

11 ақпан 2026 жыл



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ**  
**Л.Н ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

Әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы  
**Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған**  
**«ҚАЗАҚ ӘДЕБИЕТІНІҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЖӘНЕ**  
**ӘДІСНАМАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ»**  
атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог)  
**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**МАТЕРИАЛЫ**  
республиканского научно-методического семинара (круглый стол-диалог)  
**«МЕТОДИЧЕСКИЕ И МЕТОДОЛОГИЧЕСКИЕ ОСНОВЫ**  
**КАЗАХСКОЙ ЛИТЕРАТУРЫ»,**  
посвящённого 60-летнему юбилею литературоведа-учёного,  
квалифицированного педагога, преподавателя-методиста  
**Байтанасовой Карлығаш Медетовны**

**PROCEEDINGS**  
of the Republican Scientific and Methodological Seminar (Roundtable Discussion–Dialogue)  
**“METHODICAL AND METHODOLOGICAL FOUNDATIONS OF**  
**KAZAKH LITERATURE”**  
dedicated to the 60<sup>th</sup> anniversary of literary scientist, distinguished educator and  
educational methodologist **Baitanasova Karlygash Medetovna**

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**ББК 83.3 (5Қаз)**

**Қ17**

**Жалпы редакциясын басқарған:** ф.ғ.к. Бейсенбай А.Б.

**Редакция алқасы:** С.М. Дүйсенғазы, Ж.Ә. Аймұхамбет, С.Ш. Айтуғанова,  
Г.С. Сағынадин, С.А. Сарсембаева.

**«Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері»** атты әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары. 11 ақпан 2026 ж./ Жалпы редакциясын басқарған: Бейсенбай А.Б.– Астана: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ баспасы, 2026. – 223 бет.

**ISBN 978-601-385-179-2**

Жинаққа әдебиеттанушы-ғалым, білікті ұстаз, әдіскер-оқытушы Байтанасова Қарлығаш Медетқызының 60 жас мерейтойына арналған «Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері» атты республикалық ғылыми-әдістемелік семинар (дөңгелек үстел-диалог) материалдары енгізілді.

Жинақ жоғары оқу орнының профессорлық-оқытушылық құрамына, орта білім беру ұйымдарының мұғалімдеріне, докторанттар мен магистранттарға және студенттерге арналған.

**ISBN 978-601-385-179-2**

**ӘОЖ 821.512.122.0**

**ББК 83.3 (5Қаз)**

## МАЗМҰНЫ

<i>Құттықтаулар</i> .....	5
---------------------------	---

### ӘДЕБИЕТТАНУ САРБАЗЫ, ӘДІСТЕМЕ ШЕБЕРІ

<i>Тұрысбек Р.С.</i> Ұстаз-ғалым Қ.Байтанасова зерттеулеріндегі С.Мұқанов мұрасы.....	14
<i>Аймұхамбет Ж.Ә.</i> Қарлығаш Байтанасова – ғалым, ұстаз.....	21
<i>Оразбек М.С.</i> Зерделі зерттеуші.....	23
<i>Айтуғанова С.Ш.</i> Ғалым. Әдіскер.Ұстаз.....	28
<i>Ахметова Ж.Қ.</i> Шәкірт жүрегіне жол тапқан ұстаз.....	32
<i>Сағынадин Г.С.</i> Фольклоризм феномені және Қ.Байтанасова зерттеуіндегі фольклорлық дәстүр туралы.....	33
<i>Сердалина С.Қ.</i> Әдіскер-ғалым Қ. Байтанасованың зерттеулеріндегі әдебиетті жоғары мектепте оқытудың кейбір мәселелері.....	37
<i>Алимбаев А.Е.</i> Зерделі ғалымның әдебиеттегі әлемі.....	40
<i>Аманғазықызы М.</i> Жаңа сипатты зерттеу.....	42
<i>Бәшіров Н.Қ.</i> Сөзге адалдық, ғылымға жауапкершілік.....	45
<i>Қасен А.Т.</i> Ғылымға қызмет еткен ұстаз.....	47

### ҚАЗАҚ ТІЛІ МЕН ӘДЕБИЕТІН ОҚЫТУ: ІЗДЕНІС ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚ

<i>Жұмагұл С.Б.</i> Тоталитарлық жүйе қысымында қазақ әдебиетін оқытудағы кейбір түйткілдер хақында.....	50
<i>Қасенов С.Т., Мукашева М.К.</i> Қ.Бітібаеваның әдістемесі негізінде жазылым дағдысын дамытудың жолдары.....	54
<i>Қапантайқызы Ш.</i> Әдебиетші ұстаз Қ.Бітібаева еңбектерінің құндылық бағдары.....	58
<i>Шапауов Ә. Қ., Қадыров Ж.Т., Есбатырова Ж.З.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда әдеби талдау дағдыларын қалыптастыру.....	67
<i>Қылышбаева К.А.</i> Қазақ тілін меңгертудегі көркем шығарманың рөлі.....	72
<i>Шоқай М.Т.</i> Жаңғыртылған Блум таксономиясы: прозалық туындыны оқыту мен талдаудың тиімді жолдары.....	78
<i>Жорашова А.М.</i> Көркем мәтіндегі автор категориясын оқытудың тиімді жолдары (үлгілік оқу бағдарламасы негізінде).....	84
<i>Ғалымжанова З.Т.</i> Жоғары оқу орындарында Ш.Мұртазаның «Ай мен Айша» мемуарлық романын оқыту әдістері.....	93
<i>Ильясова Г.Ж.</i> Қазақ әдебиетін оқытуда мақал-мәтелдер арқылы кейіпкер мінезін интерпретациялау.....	98
<i>Алыбаева А.У.</i> Читательская грамотность – базовый компонент функциональной грамотности.....	103
<i>Атекеева А.Е.</i> Әдебиеттік оқу пәнін оқыту әдістері.....	107
<i>Аяпбергенова К.С.</i> Развитие педагогической науки: традиции и перспективы.....	111

<i>Байдаулетова З.М.</i> Жасанды интеллект заманындағы қазақ әдебиетін оқыту әдістемесі.....	117
<i>Ермаганбетова А.Ж.</i> Сюжеттік мәтіндерді оқытуда Storytelling: әлеуметтік жобаларды интеграциялау тәжірибесі.....	120
<i>Жумагулова Ж.Д.</i> Жаһандану жағдайында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби күзіреттілік моделін қалыптастыруда Қ.Бітібаеваның педагогикалық мұрасының маңыздылығы.....	125
<i>Кабдулова А.Т.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	128
<i>Серикова Ш.Ж.</i> Қазақ әдебиетінің әдістемесі.....	132
<i>Утибаева М.Б.</i> Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту үдерісін жаңғыртудағы жасанды интеллект технологияларының рөлі.....	134
<i>Ибрагимова Г.П.</i> Көркем шығармадағы сөздердің тілтанымдық мәнін оқыту (М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» романы бойынша).....	138
<i>Карагожина М.М.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік және әдіснамалық негіздері.....	140
<i>Мырзахметова Ж.Д.</i> Қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік негіздері.....	143
<i>Нұрмахан А. Ә.</i> Әдебиетті оқыту әдіснамасы: проблемалық жағдаяттарды қолдану.....	145
<i>Сенбиева Н.К.</i> Қазақ әдебиеті сабақтарында ұлттық құндылықтарға бағдарлай оқыту жолдары.....	152
<i>Шагирова Д.Р.</i> Әдебиет пәнін оқытудағы жасанды интеллекттің педагогикалық мүмкіндіктері.....	157
<i>Мұса А.С.</i> Креативті жазылымдағы әдіс-тәсілдер.....	160

## **ҒЫЛЫМИ-ЗЕРТТЕУ КЕҢІСТІГІНДЕГІ ФИЛОЛОГИЯ**

<i>Негимов С.Н.</i> Қазақ тілінің өзін білуші жоқ, мәнісін білуші де жоқ.....	167
<i>Мукажанова Л.Г.</i> Культурологические связи русской и казахско поэзии: переводческие аспекты.....	178
<i>Кемеңгер Қ.Р.</i> «Алаш» сөзі: ментальдық-рәміздік негізі.....	189
<i>Бактығалиева Э.С.</i> «Құлагер» поэмасы және ұлттық код: тарихи тұлға Ақан серінің визуалды-нарративтік бейнесі.....	194
<i>Құлиар Б.М.</i> Балалар әдебиетіндегі күлкі поэтикасы: мазақтама мен мөлтек мысалдың тәрбиелік қызметі.....	198
<i>Бағзат Е.</i> Жүсіпбек Аймауытұлы әңгімелеріндегі баяндау жүйесі мен көркемдік кеңістік.....	203
<i>Әбдірасұл Ж.Т.</i> Абай поэзиясындағы «адам» ұғымының берілу сипаты..	208
<i>Сыдық З.С.</i> Қазақ және моңғол демонологиясының ортақ қабаты және діни трансформациясы.....	213
<i>Әлімбаев А.Е.</i> Мұхтар Әуезов шығармаларындағы әділет пен адалдық идеялары.....	219
<i>Аренова Ж.</i> Фариза - ұлт поэзиясының жыршысы.....	222

Теоретик-ғалым Темірбек Қожакеев 1983 жылы шыққан «Сатиралық жанрлар» еңбегінде «Қазір сатиралық жанрлардың біздегі ең көп жазылып жүргені осы мысал» деген еді [8, 45]. Алайда бұл күні мысал керісінше өте сирек жазылатын болды. Бірақ бұл жанрдың мүмкіндігі сарқылды деген сөз емес. Жоғарыда қарастырылған мәтіндер дәлелдегендей, мысал да, мазақтама да – балалардың психологиясына дәл келетін, тәрбиелік әсері күшті көркем құрал. Оның үстіне қазіргі оқырманның қысқа, нысаналы мәтінге бейімділігін ескерсек, керісінше мысал мен мазақтаманың ықшам табиғаты бүгінгі күнге сай келеді. Ендеше, балалар сатирасын зерттеу, жинақтау және жаңаша жазу – жас ұрпақтың тіл мәдениетін, мінез этикасын, эстетикалық талғамын қалыптастыру тұрғысынан өзекті бағыттардың бірі болып қала береді.

### *Пайдаланылған әдебиеттер*

1. Ергөбек Қ. Арыстар мен ағыстар. – Алматы: «Өркениет», 2003. – 368 б.
2. Қошым-Ноғай Б. Алғашқы мүшел. – Астана: «Педагогика –Пресс Баспа үйі» 2010. – 296 б.
3. Үсенбаев Б. Тәуелсіздік деген не? – Алматы: «Тарпанбаева А.Ш.», 2022. – 240 б.
4. Ашықбаев Е. Туған күн – Алматы: «Хантәңірі», 2015. –342 б.
5. Әубәкіров О. Қағаз қалпақ. – Астана: «Фолиант», 2023. – 128 б.
6. Табылды Ә. Таңдамалы шығармалары. – Алматы: «Балалар әдебиеті», 2006. – 270 б.
7. Қоныс Л. Изгілікті іздеу теориясы: – Астана: «Фолиант», 2010. – 176 б.
8. Қожакеев Т. Сатиралық жанрлар. – Алматы: «Мектеп», 1983. – 213 б.

### **Бағзат Еркежан**

Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 1 курс магистранты  
Астана қ., Қазақстан  
([erkezhan.b.04@mail.ru](mailto:erkezhan.b.04@mail.ru))

Ғылыми жетекші: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті қазақ әдебиеті кафедрасының профессоры, филол.ғ.д. Тұрысбек Р.С.

### **ЖҮСІПБЕК АЙМАУЫТҰЛЫ ӘНГІМЕЛЕРІНДЕГІ БАЯНДАУ ЖҮЙЕСІ МЕН КӨРКЕМДІК КЕҢІСТІК**

*Аңдатпа.* Мақалада Ж.Аймауытұлының бірқатар әңгімелеріндегі кейіпкер болмысы, кейіпкерлердің көркемдік және психологиялық сипаты жан – жақты талданады. Жазушының идея мен кейіпкер бейнесінің көркемдік мәнін ашу үшін көркемдегіш құралдар мен тәсілдерді қалай, әрі не мақсатта қолданғанына тоқталады.

*Түйін сөздер:* әңгіме, кейіпкер, психологизм, көркемдік сипат, көркемдік тәсіл.

Әңгіме – шағын көлемді эпикалық жанр. Әдебиеттану ғылымында бұл жанрға берілген анықтамаларда оның өмір шындығын қысқа көлемді, жинақы сюжет негізінде қара сөзбен бейнелейтіндігі басты белгі ретінде көрсетіледі. Зерттеу еңбектері мен теориялық тұжырымдарға сүйенсек, әңгіме жанрында оқиға бір арнаға тоғысып, кейіпкер тағдыры, болмысы терең психологиялық сипатта ашылады. Мұнда авторлық баяндаудан гөрі, назар кейіпкердің ішкі жан дүниесі, рухани күйі мен мінез-құлқына аударылады.

Қазақ әдебиеттану ғылымында әңгіменің жанрлық жағынан дамуы ХХ ғасырдың 20 жылдарымен тығыз байланысты. Аталған кезеңде қазақ қоғамы үшін күрделі өзгерістер, тарихи – саяси тұрғыдан ел арасында тұрақсыздық белең алған болатын. Халық арасында отарлық қысымның күшеюі, жаңа қоғамдық – саяси ұғымдардың орнығуымен бірге, ұлттық сананың оянуына талпыныс сияқты оқиғалар көркем әдебиетте жеке тақырып ретінде қарастырыла бастады. Сәйкесінше, ХХ ғасырдың 20 жылдарындағы жазушылардың шығармашылығы заман шындығын ашуға, заман және адам, адамның ішкі жан дүниесіне үңілуге бағытталды. Күрделі оқиғалар орын алған уақытта жазушылар өзгерісті қалың бұқараның қалай қабылдағанын көрсетіп, жаңа заманның шынайы бет-бейнесін ашуға тырысты.

Бұл кезеңде орын алған өзгерістер алғашында жазарман қауымның шығармашылық тынысын шектеп, әдебиетте кідіріс орын алғаны белгілі. Бұл туралы әдебиеттанушы ғалым Ахмет Байтұрсынұлы былай дейді: «Қазақ баласын “халқым, елім, жұртым” деп атап үйренген қазақ қаламгерлері Октябрь өзгерісі орын алғанда бірден интернационалист болып кете алмады. Сол себептен бірқатар жазушылардың қаламы тоқтап, өзгеріске дейінгі қарқыны басылып қалды», – деп көрсетеді[1]. Ғалымның замандас жазушылардың шығармашылық белсенділігін осылайша бағамдауынан жазушы қаламының еркіндігі тарихи жайттарға бағынышты болғанын түсінуге болады. Дей тұрғанмен дәл осы кезеңдегі әңгімелердің тақырыптық, идеялық жүйесі қазақ әдебиетіне жаңаша бағыт, өзгеріс ала келді. Қаламгерлер адам мен қоғам, адам мен дәуір арасындағы қарым – қатынастарға назар аударып, оны көркемдік тұрғыдан игере бастады. Әңгіме жанры осы байланыстарды жеткізуде, бейнелеуде ықшамды формасының арқасында тиімді бола алды.

Осы тұста жазушы Жүсіпбек Аймауытұлының әңгімелері қазақ әдебиетіндегі кейіпкер бейнесін ашуда, психологиялық қайшылықтарды қоғам өмірімен байланыстыра жеткізуімен ерекшеленеді. Жазушының кез-келген әңгімесіне назар аударатын болсақ, кейіпкерлерді тек жеке тұлға шеңберінде ғана көрсетпей, белгілі бір тарихи-әлеуметтік оқиғаның өкілі, куәгері ретінде танытады. Кейіпкер психологиясының негізінде тұтас дәуір, заман бейнесі ашылады.

Ж.Аймауытұлының тырнақалды әңгімелері «Абай» журналында 1918 жылы жарық көрсе, әңгімені өнімді жазған жылдары 1924–1925 жылдармен сәйкес келеді. Әңгімелерінің көлемі шағын болғанымен, олардың көркемдік-идеялық салмағы терең. Жазушы кейіпкерлерінің ішкі толғанысы, рухани күйзелісі, қоғамдағы өзгерістерге қатынасы қысқа формада жинақы әрі әсерлі түрде беріледі.

Әдебиеттанушы ғалым, профессор С.Қирабаев: «...Жүсіпбектің жазушылық еңбегі өз дәуірінің сұранысынан туған. Ол төңкеріс жылдарындағы қазақ халқы өміріндегі өзгерістерді кең суреттеп, ұлттың ояну процесін, қазақ ауылындағы әлеуметтік сілкіністі шындықпен көркем бейнеледі. Күрделі процестің күнгей жағын да, қайшылықтарын да бүкпей жазды. Жаңаның орнығуы жолындағы қайшылықтар мен қателіктерді ашып көрсетті. Оның шығармаларының бағалылығы да осында» [2, 112] - деп көрсетеді. Ғалымның бұл пікірінің мазмұнынан қаламгердің заман шындығын нақты, бар қалпында шебер жеткізгендігін, сонымен қатар сынай білгендігін де аңғарамыз. Бірақ жазушы тек сынаумен, әшкерелеумен ғана шектелмей, өзгерістердің қазақ арасына әкелген оң әсерлерін де бағалай білген. Ғалым атап көрсеткен тақырыптар жазушының әңгімелерінде толықтай көрініс табады.

Мысалы, автордың 1924 жылы «Ақ жол» газетіне жариялаған «Елеусіз ерлер» әңгімесінде төңкеріс тұсында ел үшін көзсіз батырлық жасаған ерлердің оқиғасы баяндалады. Әңгіменің басы зиялылардың ауыл тұрғындарына үгіт – насихат жүргізген сәтін баяндаумен басталады. Зиялыларды тыңдаған қалың топтың арасынан автор ерекше бір бейнені сипаттап, баяндайды. Әңгімеде ол былайша беріледі: «Топтың кеуде кезінде отырған көнетоз қоңыр пенжақты, кепе қалпақты, кертiмтеш мұрын, секпiл қара жiгiт мойын созып, төңірекке қарай бердi. Көзінен *найзағайдың отындай* жылт-жылт етiп *ұшқын* шашқан тәрізді болды. Осынша жұрттың қамалып, жауап бере алмай дағдарып отырғанына күйiп-пiсiп кеткендей, әлдебiр аяулы нәрсесiн жоғалтып күйiнгендей, әлде кек алатын кезек келiп, қолына түкiрiп кiбiжiнгендей пішіні бар едi» [3,20] - деп автор басты кейiпкерлердiң бiрi Әбiш бейнесiн көрсетедi. Автордың кейiпкер бейнесiн сипаттауда портреттiк деталь әдiсi қолданғандығын байқауға болады. Қарапайым, секпiл қара жiгiт болып көрiнгенiмен, метафоралы теңеу «найзағайдың отындай ұшқын» сөзi кейiпкердiң мiнезiнiң берiктiгiн, қайсарлығын көрсеткендей әсер қалдырады. Шығарма мазмұнына бiрден көшпей, кейiпкердi алдын-ала дәл осы сипатпен беруiнде батыр бейнеге портреттiк деталь арқылы ым-ишара жасағандығын аңғарамыз.

Ақтар мен қызылдар болып, қазақ ауылына төндiрген қасiреттен қорлық көрген Әбiш, мектеп алдына келген зиялылардың отрядына қосылып, жиналған қалың бұқараға үндеу тастайды. Назар салып оқитын болсақ, Әбiштiң отрядқа қосылып, әрекет етуiне себепкер болған фактор кейiпкердiң мына монологынан байқалады: «Жалғыз атымды алып қойды. Ауылымды шапты. Әйелiмдi өлiмшi қып ұрып кеттi. Жеңгелерiмдi, қарындастарымды басты. Қайролда сықылды жан жолдасымды өлтiрдi... Менен күйiндi, менен қорлықты көп көрген кiм бар? Осыған жазылып кетсем, қайтер едi? Бiрақ елдiң бәрi үндемеуi қалай? Бұл ұнайтын iс болса, өзгелер неге жазылмайды? Елден алабөтен жазылып, маған серiк табылмаса, онда мен неге тентiремекшiмiн? Менiң оным ақымақтық, ұшқалақтық болмасын ба?... Жұрт маған күледi ғой!... Қой, олай болмас, серiк табылар. Жалғыз қырғын тауып отырған бiз бе? Аман отырған кiсi бар ма? Топтың қамалып отырғаны бұрын мұндайды көрмегендiк шығар. Менiң аянатын не жаным бар? Қарап отырып өлгенше, қолыңа қару алсаң,

жастығыңды ала өлсең ғой! Жазылмағанда, бір күні Қайролда сықылды жылатып, өлтіріп кетпесіне көзім жете ме?... Не де болса, тәуекел деп жұрттың алдына бір түсейін!...» [3,21]. Кейіпкердің ішкі психологиялық жағдайы үзік – үзік ойлар мен риторикалық сұрақтар арқылы берілген. Ішкі монологтың мазмұнына қарайтын болсақ, кейіпкердің жан дүниесінде тұрақсыздық пен күйзелістің орын алғаны көрінеді. Әбіш айналасында орын алып жатқан қасіретке қарсы протест жүргізіп, қарсы шыққысы келсе де, жалғыз қалудан қорқады. «Ел неге үндемейді?» деген ішкі сұрағы күмән мен үрейден туып отыр. Осылайша кейіпкердің бейнесін ашуда, шешім қабылдауында автор ішкі монолог, психологизмді ұтымды қолданғаны байқалады.

Келесі сюжетте Әбіш пен серігі Ораздың атпен шабысы, қос аттының шабысынан айналаның түгел дерлік шошуы, жапалақтың үркіп ұшуы, жандықтардың ат дүбіріне шыдамай жөңкіле қашуының барлығы тыныштықтың бұзылуын, алда үлкен өзгеріс болатындығын символдық тұрғыдан көрсетеді. Авторлық талдау тұрғысынан қарайтын болсақ, жазушы табиғаттың көрінісін кездейсоқ алмай, керісінше табиғат пен адам, табиғат пен қоғам арасында параллелизм әдісін қолданғандығын көреміз. Жоғарыда аталған көріністер басты кейіпкерлердің көңіліндегі алаңдау, мазасыздық күйлерімен үндесіп, алда болатын дүрбелеңмен мағыналық тұрғыдан қабаттасып жатыр деуге болады. Аталған көркемдік тәсілдердің арқасында автор кейіпкер психологиясын портреттік деталь, ішкі монолог және параллелизм, символизм әдістерімен байланыстыра отырып көрсетеді. Дей тұрғанмен бұл көркемдік әдістер жазушы қаламынан туған барлық әңгімелерде көрініс таба бермейді. Келесі бір әңгімелерде кейіпкер бейнесі психологиялық қақтығыстар барысында ашылады. Мәселен, «Көшпелі Көжебай» әңгімесі автордың 1924 жылы жазылған бұл әңгімесі заман тұрақсыздығын, ел ішіндегі кадр тапшылығын, мамандардың жауапсыздығын көрсететін шығарма. Басты кейіпкер Көжебай қоғамда орын алып жатқан проблемалардың көрінісін, шынайы бет-бейнесін көрсетуші қызметін атқарады. Әңгімеде кейіпкер бейнесі: «...мәжіліс-жиындарда әлдеңеден хабары бардай, жауап беріп отыратын «оқыған», «білімді» азаматтардың бірі» [5,168]- деп беріле отырып, тұрақты жұмыс орны жоқ, үкімет қайда жіберсе, сонда жүретін азаматтың бірі болып суреттеледі.

Шығарма барысында Көжебай өзін: «қызметтен де, өмірден де жалыққан, бәрінен безгісі келетін» адам ретінде көреді. Автор Көжебай мен оның тұрмысын көрсету арқылы қоғам шындығын толық ашады, әрі қоғам айнасы-адам деген идеяны алға тартады. Дәлелдеме ретінде ғалым Р.Тұрысбектің мына пікірін: «Әңгімеде Көжебайдың білім дәрежесі ғана сынға түспей, таза адамдық бейнесі, кешірімділік пен қарым-қатынасы, дүниетаным ерекшеліктері де көрінеді. Еңбекке, ұжымға деген көзқарасы да негізгі назарда болады. Қоғамның да, өмірдің де қозғаушы, көркейтуші тұлғасы – адам деген идея әңгіменің басты өзегіне айналады»[4,132] - деген пікірі ойымызды нақтылай түседі. Яғни жазушы басты тақырып, идея ретінде адам бейнесін ала отырып, өміршең әңгіме жаза алған деген пікірге келеміз.

Әңгіменің тақырыптық-идеялық маңызына тоқталған болсақ, енді

көркемдік – психологиялық тұсы алдыңғы шығармадағыдай пейзаж немесе портреттік детальдарға негізделмегендігі байқалады. Керісінше әңгіменің мазмұнында реалисттік деталь, ирония сынды тәсілдер ұтымды қолданған. Мәселен, ирония мен сарказмның қолданысын кейіпкерді сырттай мақтай отырып, оның ішкі бейнесін терістеу формасынан байқалатынын көреміз. Әңгімеде: «Мәжіліс болса, әр нәрседен хабары бар. «Мынау қаражаяу кісі емес екен» десін деп, келсе де келмесе де қарсы шығып, бір сөйлеп қалады» - деген үзіндіден астарлы мысқылды, Көжебайдың шынайы бейнесін аңғаруға болады.

Автор Көжебай сынды «белсенді» типті қалыптастырған үкіметтің бейнесін де ашуға ұмтылады. «Семейге келсе, тағы да сапырылыс болып жатыр екен. Губисполком бастығы Оралға кеткен. Үйездегі болыстарының бірі Ақмола, бірі Ақтөбеге, бірі Бөкейге, бірі Адайға жіберілетін болыпты» [5,172]-деген үзіндіден жүйе тұрақсыздығын байқай аламыз. Жазушы кейіпкер бейнесінен қарағанда үкімет бейнесін, оның жеке адам тағдырына деген салғырттығын жеткізуге тырысқан.

Көжебай кеңестік жүйе үшін «белсенді жолдас» болып көрінгенімен, шын мәнінде қажыған, шаршаған рухани әлсіз кейіпкер екендігі байқалады. Қызметінің тұрақсыздығы, еңбегінің еленбеуі, азып – тозған орнықсыз тұрмысы кейіпкер шындығынан алынған нақты, шынайы деректер.

Дегенмен әңгіменің соңы жазушының стиліне тән мотивпен: «Заман түзелер, сапырылыс тыйылар, кеңес жұртшылығы жөндеп орнап, еңбекші қамын ойлайтын күн туар, шын қызметкер керек болар деген үмітпен өзіне-өзі қайрат берді»[5,173]-деп оптимисттік сарында, үлкен үмітпен аяқталады. Яғни автордың осы ойы арқылы: «адал еңбек түбі адамдарға бақыт сыйлайды, құрметке бөлейді»-деген сенімін көреміз.

Қорытындылай келе, Ж.Аймауытұлының әңгімелерінің тақырыптық-идеялық, психологиялық және көркемдік тұрғысынан жан-жақты дамығанын түсінеміз. Әңгімелеріндегі кейіпкерлер тек психологиялық қырынан ғана ашылмай, оқырманға тұтас дәуір мен замана бейнесін паш етеді. Жазушы жеке адамның ішкі психологиясын сыртқы орта, қоғамдық жүйе, тарихи жағдайлармен тығыз байланыстыра отырып бейнелейді. Әңгімелерінің әрқайсысында қолданылған көркемдегіш құралдар мен амал-тәсілдер шығарманың көркемдік, поэтикалық, эстетикалық маңызын арттыруымен ерекшеленеді.

### *Пайдаланылған әдебиеттер*

1. Байтұрсынұлы.А. Қалам қайраткерлері жайынан. Электронды ресурс – tilalemi.kz – URL: <https://tilalemi.kz/> (қолданылған күні 22.01.2026 ж)
2. Орда.Г, Мұқатай.Б, Сәрсенбаева.Ж. Қазақ көркем сөзінің шеберлері - Қарағанды: Экоцентр, 2010.– 512б.
3. Қуантайұлы.Н. Ж.Аймауытұлы. Қайта басылмаған шығармалары. - Алматы: Арыс, 2009. – 232 б.
4. Тұрысбек.Р. Жүсіпбектану (оқу құралы) – Нұр-Сұлтан: Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, 2019. – 474 бет.

5. Аймауытұлы. Ж., Бес томдық шығармалар жинағы, III том: повесть, әңгімелер, аудармалар. – Алматы: Алаш, 2005. – 304 б.

МРНТИ 17.07.31

**Әбдірасұл Жұмагүл Тастемірқызы**

Ыбырай Алтынсарин атындағы “BINOM SCHOOL мектеп-лицейі”

Астана қаласы, Нұра ауданы, Толе би көшесі 42

[\(abdrasul76@mail.ru\)](mailto:abdrasul76@mail.ru)

## **АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «АДАМ» ҰҒЫМЫНЫҢ БЕРІЛУ СИПАТЫ**

***Аңдатпа.** Мақалада қазақтың ұлы ойшыл-ақыны Абай Құнанбаев поэзиясындағы «адам» ұғымының көркемдік және философиялық тұрғыда берілу сипаты жан-жақты талданады. Ақын шығармаларындағы адам болмысы, рухани кемелдену, адамгершілік қасиеттер жүйесі, білім мен ғылымға ұмтылу идеясы қарастырылады. Зерттеу барысында Абай өлеңдері мен қарасөздеріндегі «толық адам» концепциясының мәні ашылып, оның қазіргі қоғам үшін маңызы айқындалады. Мақала нәтижелері Абай мұрасының ұлттық және жалпы адамзаттық құндылық ретіндегі орнын анықтауға бағытталған.*

***Түйін сөздер:** Абай Құнанбаев, адам ұғымы, толық адам, рухани құндылықтар, адамгершілік, поэзия.*

Абай Құнанбаев- қазақ халқының рухани даму тарихында айрақша орын алатын ұлы тұлға. Оның поэзиясы мен қарасөздері ұлттық сананы жаңғыртып, адам болмысына терең философиялық тұрғыдан қарауға жетелейді. Абай шығармаларында көтерілген негізгі мәселе- адам тірбиесі, адамның ішкі жан дүниесін жетілдіру. Қоғамдағы жауапкершілігі арттыру. Ақын адамды тек әлеуметтік орта өкілі ретінде ғана емес, рухани кемелденуге қабілетті тұлға ретінде бейнелейді. Сондықтан Абай поэзиясындағы «адам» ұғымын ғылыми тұрғыда талдау бүгінгі рухани жаңғыру үдерісімен өзектес болып табылады.

Абай поэзиясының алтын арқауы – адамзатқа деген сүйіспеншілік. Ақынның барлық туындысындағы басты тұлға – Адам. Кемеңгер ақын толық адам, яғни нағыз адам қандай болу керек деген маңызды сауалға жауап іздейді. Ұрпаққа өнеге болар тағылымды өсиет айтады. Адам баласының өмірдегі, тіршіліктегі мән-мағынасын айқындайды.

Ұлы ақынның адам баласының баға жетпес басты қазынасы ретінде айтатыныны – сүю, сүйіспеншілік. Ол сүю үш сипатты:

Махаббатпен жаратқан адамзатты,  
Сен де сүй сол Алланы жаннан тәтті,  
Адамзаттың бәрін сүй бауырым деп,  
Және хақ жолы осы деп әділетті [4, 92].